

# ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ  
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 150 (9212) | 1953 жылғы 29 июль Сәрсенбі | Шығуына 34 жыл  
жеке саны 20 тыйын.

## Совет Одағының Коммунистік партиясына елу жыл (1903-1953)

Россияның социал-демократиялық жұмысшы партиясының (РСДЖП) Екінші съезінің ашылған күнінің — 1903 жылғы 30 июль — елу жылдығы Совет Одағы Коммунистік партиясының, еліміздің халықтарының өміріндегі, бүкіл халықаралық революциялық қозғалыстың тарихындағы елеулі дата болып табылады. Бұл съезде жұмысшы табының жауынгерлік, революциялық, маркстік партиясының, II Интернационалдың реформистік партияларынан принциптік өзгешелігі бар жаңа тұрпатты партияның негізі салынды. «Большевизм, — деп жазды В. И. Ленин, — саяси ойдың ағымы ретінде және саяси партия ретінде 1903 жылдан бері өмір сүреді». Екінші съезде ұлы Лениннің Россияда революциялық пролетариаттың партия құру жолындағы шын мәнісіндегі алып күресі табысты болып шықты. Көп жылдар бойына, өткен ғасырдың 90-жылдарының басынан бері В. И. Ленин Маркс пен Энгельстің ілімін адал ілгері апарушы болып, марксизмді жаңа тарихи жағдайларда творчестволықпен дамытты, марксизмнің өшкере және жасырын жауларына қарсы, жұмысшы қозғалысындағы оппортунизмнің барлық көріністеріне қарсы, пролетариаттың күшін революциялық марксизмнің туы астына ұйымдастыру және топтастыру үшін ымырасыз күрес жүргізді.

Революцияның данышпаны Ленин құрған және шыңдаған большевиктік партия халқымызды 1917 жылғы Ұлы Октябрь социалистік революциясының жеңісіне бастады, пролетариат диктатурасын ұйымдастырды, Отанмыздың көп миллиондаған еңбекші бұқарасын саналы тарихи творчествоға жұмылдырып, социалистік қоғам орнатуды қамтамасыз етті, сойтіп, совет халқын алға, коммунизмге қарай бастап келеді. Коммунистік партияның негізін салушысы және көмеңгер көсемі ұлы Лениннің есімі партиямыздың бүкіл тарихымен, дүние жүзіндегі

### I. РСДЖП Екінші съезінің тарихи маңызы.

1. Россияда маркстік партия халықаралық жұмысшы қозғалысының бұрылыс кезеңінде, капитализм өзінің дамуының жоғарғы және соңғы сатысына, империалистік сатысына көтерілген кезде, паразиттік, ірін-шіріген және өліп бара жатқан капитализмге айнала бастаған кезде, пролетариаттың революция тікелей практиканың мәселесі болған кезде құрылды. Россия ол дәуірде империализмнің барлық қайшылықтарының түйіскен жері болды. Орыс патша өкметі мен бағыс империализмінің мүдделері өзара барыпша тығыз байланысты болды. Партияның Екінші съезінің қарсаңында В. И. Ленин былай деп жазды: «Тарих біздің алдымызға көзіміз таяудағы міндетті қойып отыр, бұл міндет — өзге қай елдің пролетариатының болса да таяудағы барлық міндеттерінің ішінде өте-мөте революциялық міндеті болып табылады. Бұл міндетті жүзеге асыру ісі, тек европалық реакцияның ғана емес, сонымен қатар азиялық реакцияның да (көзіміз біз осылай деп айта

дегі бірінші социалистік мемлекеттің — Советтік Социалистік Республикалар Одағының тууымен және дамуымен тығыз байланысты. Лениннің есімі бейбітшілік, демократия және социализм ісі үшін, халықтардың жарқын болашағы үшін күресте бүкіл дүние жүзі еңбекшілерінің туына айналды.»

Совет Одағының Коммунистік партиясы жұмысшылар мен шаруалардың ісі үшін, социализм үшін жанаймай күресуімен, қоғамды революциялық жолмен қайта құру жөніндегі талмас қызметімен бүкіл совет халқының шексіз сүйіспеншілігіне және сеніміне ие болды. Елімізде болған саяси партиялардың бөріне қарағанда, тек Коммунистік партия ғана еңбекшілердің түбірлі мүдделерін көздейтін шын мәнінде халықтық партия өкентігіне көшкылдық тарихи тәжірибеде СССР еңбекшілерінің көзі жетті.

Совет Одағының Коммунистік партиясы ерлік күрестің, қыйын сындардың және бүкіл дүниежүзілік-тарихи жеңістердің жарты ғасырлық дақты жолын өтті. Данышпан Лениннің, Лениннің шәкірті және оның ісін алға апарушы ұлы Сталиннің, олардың серіктерінің басшылығымен ұрыстарда шыныққан Коммунистік партиямыз көзіміз коммунизм орнатып жатқан совет қоғамының жетекші, басшы және бағыт беруші күші болып отыр.

Коммунистік партияның бүкіл тарихы марксизм-ленинизмнің ұлы, жеңімпаз ілімінің салтанат құруы болып табылады. Совет Одағының Коммунистік партиясының аса зор саяси тәжірибесі барлық елдердің коммунистік және жұмысшы партиялары үшін олардың қоғамды революциялық жолмен қайта құру жолындағы тыңғылықты күресінде дем беретін үлгі болып табылады.

еңбекшілердің шын мәнісіндегі көсемінің ролін атқара алады деп дәлелдеді, бұқаралық жұмысшы қозғалысын ғылыми социализммен ұштастырудың маңызын барыпша атап көрсетті.

3. РСДЖП-ның Екінші съезінің тарихи маңызы — ол Россияда лениндік «Искра» ұсыныған және жасаған идеялық, ұйымдық негізде шын мәнісіндегі маркстік партия құрды. Съезд халықаралық жұмысшы қозғалысының тарихында алғаш рет, Маркс пен Энгельс қайтыс болғаннан кейін, революциялық программа қабылдап, онда пролетариат диктатурасы үшін күресті негізгі міндет етіп алға қойды.

Ленин мен оның пікірлестері тыянақты искрашылар съезде марксизмнің аса маңызды ережесін — пролетариат диктатурасы туралы ережені программаға енгізуге кедергі жасамас болған оппортунистік элементтерге қарсы ымырасыз күрес жүргізді. Ленин пролетариат диктатурасы туралы ережені барыпша бағылдықпен және табандылықпен қорғап, қалың

Коммунистік партияның бүкіл тарихы марксизм-ленинизмнің ұлы, жеңімпаз ілімінің салтанат құруы болып табылады. Совет Одағының Коммунистік партиясының аса зор саяси тәжірибесі барлық елдердің коммунистік және жұмысшы партиялары үшін олардың қоғамды революциялық жолмен қайта құру жолындағы тыңғылықты күресінде дем беретін үлгі болып табылады.

дағы мүшелерінің белсенділігін барыпша дамытуды, партия тұрмысының аса маңызды мәселелерін коллектив болып талқылауды көздеді. Партия ұйымдарының, тұтас алғанда бүкіл партияның бір қалыпты қызмет істеуі, деп үйретті Ленин, басшылықтың коллективтік принципін қатаң сақтағанда ғана мүмкін болады, бұл принцип партияны қабылданған қаулыларды кездейсоқтық және біржақтылық элементтерден сақтап отырады. Партия жанды, әрекеті күшті, үздіксіз дамып отыратын организм.

В. И. Ленин марксизм тарихында алғаш рет партия туралы, пролетариаттың басқарушы ұйымы ретіндегі, оның қолындағы негізгі құралы ретіндегі партия туралы ілімді жасады. Бұл құралсыз пролетариат диктатурасын жеңіп алуға, социализм және коммунизм орнатуға мүмкін емес.

Лениннің съезде программалық және ұйымдық мәселелер жөнінде оппортунистік элементтерге қарсы күресі РСДЖП-ның революциялық бөлігі — большевиктер мен оппортунистік бөлігі — меньшевиктердің арасына шек қойды.

### II. Коммунистік партия пролетариат диктатурасы үшін күресте.

6. РСДЖП Екінші съезінен Ұлы Октябрь социалистік революциясының жеңісіне дейінгі тарихи оқиғалардың бүкіл барысы Коммунистік партияның еліміздегі бірден-бір жетекші революциялық күш екенін айқын көрсетті. Россиядағы үш революцияның тарихы біздің партиямыздың қысқа мерзім ішінде (1903—1917 жылдар) тәжірибесінің байлығы, жасаған маркстік теориясының тереңдігі және оны революцияның барысында творчестволықпен қолдануы жарынан дүние жүзінде теңдесі жоқ орасан зор саяси жұмыс істегенін көрсетті; Коммунистік партияның стратегиясы мен тактикасының ұлы күші мен өмірге бейімділігін, маркстік-лениндік теорияның қуаттылығы мен жеңілмейтіндігін көрсетті.

Екінші съезде құрылған Ленин бастаған большевиктердің саяси тобы формальді жағынан 1912 жылға дейін біртұтас РСДЖП құрамында бола отырып, пролетариаттың шаруалардың, Россияның барлық халықтарының түбірлі мүдделеріне сай келетін тыңғылықты революциялық бағыт жүргізді. Большевиктер россиялық және халықаралық жұмысшы қозғалысындағы оппортунизмнің барлық түрлеріне қарсы ымырасыз принциптік күрес жүргізді.

7. Лениннің ұлы еңбегі — оның орыстың бірінші буржуазиялық-демократиялық революциясының даму дәуірінде партияның большевиктік тактикасын, жұмысшы табының тактикасын данышпандықпен негіздеуінде, Коммунистік партияның саяси (тактикалық) негіздерін жасауында. Ол буржуазиялық-демократиялық революциядағы пролетариат гегемониясының идеясын дамытты, сойтіп, сол кездегі тарихи жағдайларға сәйкес

Революциялық маркстік партияны — элеуметтік революция мен пролетариат диктатурасы партиясын құру жөніндегі данышпандық лениндік жоспардың жеңуі Лениннің россиялық және халықаралық пролетариат үшін марксизмнің ұлы теориясы, Маркс пен Энгельстің ісі мен ілімін алға апарушы, жұмысшы қозғалысының даму перспективаларын қырағылықпен көріп отыратын революцияның аса көрнекті стратегі, күресте қорқуды білмейтін тау қыраны болғандығын көрсетті.

5. Лениннің Екінші съезде және одан кейінгі дәуірде большевиктің идеялық және ұйымдық принциптерін қорғап, оппортунистерге қарсы жүргізген ымырасыз күресінің халықаралық маңызы болды. Меньшевиктердің марксизмге қарсы идеялық және ұйымдық пікірлерін Лениннің аяусыз өшкере-леуі ревизионистерге, марксизмнен таюшыларға, барлық халықаралық оппортунизмге берілген қуатты соққы болды, барлық елдерде революциялық қозғалысты дамыту үшін орасан зор маңыз алды. РСДЖП Екінші съезі дүниежүзілік жұмысшы қозғалысындағы жаңа бетбұрыс болды.

жалқандығын, қатты күресте сыннан өткен, шыныққан Коммунистік партия оны жаңа шайқастарға бастап отырғандығын айқын көрсетті.

Партия қатарын нығайтуда және партияның бұқарамен байланысын ұлғайтуда, революциялық жұмысшылардың жаңа ұрпағын тәрбиелеуде, жойымпаздармен, троцкийшілермен, шақырымпаздармен және басқа оппортунистермен күресте 1912 жылғы көктемде Петербург жұмысшыларының инициативасымен құрылған партиямыздың қун сайын шығатын жария газеті — «Правда» маңызды роль атқарды.

11. Империалистік соғыстың (1914—1918 ж.) ауыр кезеңінде большевиктер партиясы пролетариаттың революциялық партиясы алдында тұрған міндеттердің дәрежесіне сай болды, социализм және пролетариаттың интернационализм ісіне адал болды. II Интернационалдың партиялары социализмнің ісіне опасыздық жасап, социал-шовинизм позициясына ауып кетті.

Соғыс, бейбітшілік және революция мәселелері жөніндегі маркстік-лениндік теорияға мүлтіксіз сүйеніс отырып, большевиктер империалистік соғысты азамат соғысына айналдыру үшін, Россияда империалистердің өкметін құлату үшін, барлық елдерде империалистік соғысқа қарсы күресті қолдау үшін тыңғылықты күрес жүргізін отырды.

В. И. Лениннің «Империализм — капитализмнің жоғары сатысы» деген классиктік еңбегі творчестволық марксизмнің қазынасына қосылған аса көрнекті үлес болды. Маркстік әдебиетте алғашқы рет Ленин бұл еңбегінде империализмге, оның негізгі қайшылықтары мен заңдылықтарына жан-жақты

халықаралық революцияшы пролетариаттың авангарды етер еді». Мұның өзі Россияда қаулап өсіп келе жатқан аса зор халықтық революцияның сыпатын, өзіне тән өзгешелігін және халықаралық маңызын белгілеп берді.

Россиядағы маркстік қозғалыстың басы өткен ғасырдың 80-жылдарына жатады, ол кезде —1883 жылы Плехановтың бастауымен «Еңбекті азат ету» деген маркстік топ құрылған болатын. Бірақ «Еңбекті азат ету» тобы тек қана «теория жүзінде социал-демократияның негізін салды, сөйтіп, жұмысшы қозғалысына қарай бір қадам алға басты». Россиядағы революциялық пролетарлық партияның бастамасы Петербургтегі лениндік «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағы» (1895 жыл) болды, оның қызметі марксистік жұмысшы қозғалысымен кең көлемде ұштастыруға бағытталды.

1898 жылғы мартта РСДЖП-ның бірінші съезі болды, ол Россияда маркстік партияның құрылғандығын жариялады. Алайда, бірінші съезден кейін де Россиядағы маркстік қозғалыс бұрынғыша жеке-жеке бытыраңқы социал-демократиялық үйірмелер мен топтар дәрежесінде, біртұтас жауынгерлік маркстік программамен және бір орталыққа бағынатын ұйым болып байланыспаған күйде қалып қойды. Мұнда социал-демократиялық үйірмелердің едәуір бөлегі «экономизмнің» (жұмысшы табының саяси күресі мен оның жетекшілік ролін жоққа шығарған оппортунизмнің) жеселіне шалдыққан еді.

Партияның Екінші съезі дәуірінде аса маңызды саяси мәселе: орыстың жас жұмысшы қозғалысы қай жолмен баратындығы —оның социалистік идеология дем берген жолмен, патша өкметі мен капитализмге қарсы күрестің батыл, тырнақты революциялық күрес, пролетариат диктатурасы жолындағы күрес жолымен, Лениннің, «искрашылардың», большевиктердің шақырған жолымен баратындығы, немесе оның буржуазиялық идеологияға бағыну, реформизм, патша өкметі мен капитализмге бейімделу жолымен, жұмысшы қозғалысын меньшевиктер мен олардың із салушылары «экономистер» түсірмек болған жолмен баратындығы туралы мәселе шешілуде болды. Ленин мен лениндік «Искраның» идеологиялық принциптерінің партияның II съезінде жеңіп шығуы партиямыздың және революцияның дамуы үшін, бүкіл халықаралық революциялық қозғалыс үшін аса зор маңыз алды.

2. Партияның Екінші съезі алдындағы он жыл Россиядағы жұмысшы қозғалысының тарихында Лениннің либералдық халықшылдықпен және «жария марксизммен», майдагерлікпен және үйірмендікпен, пролетариаттың революциялық партиясын құруға, стихиялық жұмысшы қозғалысына социалистік сана енгізуге қарсы шыққан «экономистердің» оппортунизммен ымырасыз күресінің тарихы болды.

Маркстік партия үшін күресте, «экономистерді» талқандауда, бытыраңқы социал-демократиялық үйірмелерді біріктіруге, РСДЖП-ның Екінші съезін әзірлеуде Ленин ұйымдастырған жалпыорыстық маркстік саяси газет «Искра» шешуші роль атқарды. Лениннің жоспары бойынша газет партиялық күштерді біріктірудің, партия кадрларын жыйнаудың және тәрбиелеудің, оларды айқын маркстік программасы, революциялық тактикасы, біртұтас еркі және темірдей тәртібі бар, бір орталыққа бағынатын жалпыорыстық жауынгер пролетарлық партияға топтастырудың орталығы болды. Партия құрудың бұл лениндік жоспары революциялық күрестің шұғыл міндеттерінен туған еді және марксистердің ұйымдастыру тәжірибесін шебер қорытқан еді. Бұл жоспардың жеңіске жетуі тығыз топтасқан жауынгер, шыныққан Коммунистік партияның іргесін қалады. Бұл партия халықаралық революциялық жұмысшы қозғалысы үшін үлгі болды.

Россияның өсіп отырған қозғалысының міндеттері маркстік теорияны творчестволықпен дамытуды, жұмысшы қозғалысын социализммен берік ұштастыруды ерекше талап етті. Маркстің ісін алға апарушы ұлы Ленин маркстік партияның идеологиялық негіздерін жасады, революциялық теорияның маңызын жоғары көтерді. Ленин алдыңғы қатарлы теорияға сүйенген партия ғана алдыңғы қатарлы күрескердің және

Съездің пролетариат диктатурасы туралы пунктті партия программасына енгізуі Ленинді жақтаушылардың тарихи жеңісі болды.

Пролетариат диктатурасының жеңісі үшін күресу міндетін алға қоя отырып, Ленин жұмысшы табының одақтасы —шаруалардың революциялық күресі орасан зор маңыз алатындығын атап көрсетті, сөйтіп, партияның программасына шаруалар мәселесі жөніндегі революциялық-демократиялық талаптардың енгізілуін қамтамасыз етті.

Программаға ұлттардың өзін-өзі билеу жөніндегі правосы туралы пункт енгізілуіне қарсы болған бундшылар мен поляк социал-демократтарына Ленин батыл тойтарыс берді, пролетарлық интернационализмнің принциптерін қорғап қалды.

Ленин өзінің саяси қызметінің алғашқы күндерінен бастап қорғап келген революциялық күрестің ұлы идеялары партияның Екінші съезінде салтанат құрды. Плеханов әзірлеген программаның жобасын, пролетариат диктатурасы туралы ереже шығып қалған жобаны қабылдауға болмайтын жоба деп, сынап келіп, Ленин орыс пролетариатының партиясында, академиялық оқулық емес, «іс жүзінде күресуші партияның» программасы болуға тиіс деп атап көрсетті. Сондықтан Ленин: партия «өзінің программасында партияның орыс капитализміне қоятын айыбын, партияның орыс капитализміне соғыс жариялайтындығын екіұшты етпей, барынша айқын көрсету керек» деп көрсетті. Коммунистік партия осы жолмен, Ленин жолымен жүрді.

Жұмысшы табы партиясының РСДЖП Екінші съезінде қабылданған революциялық программасы пролетариаттың буржуазиялық-демократиялық революция кезеңіндегі ең таяу міндеттерін де (минимум-программа), сол сыяқты социалистік революцияның жеңісін көздеген оның негізгі міндеттерін де (максимум-программа) көрсетіп берді. Бұл программа партияның VIII съезіне дейін (1919 жыл) партиямыздың жауынгерлік басшы документі болды.

4. Екінші съезде партияны құрудың ұйымдық принциптері төңірегінде қатты күрес болды. Ленин мен оның пікірлес-тері партияның жұмысшы табының революциялық теориямен, қоғамның даму заңдары туралы және тап күресі туралы біліммен, революциялық қозғалыстың тәжірибесімен қаруланған алдыңғы қатарлы, саналы, ұйымдасқан отряды ретіндегі ролі туралы негізгі маркстік ережені қорғады. Тек осындай жоғары саналы және ұйымдасқан, топтасқан және бір орталыққа бағынған біртұтас еркі бар партия ғана жұмысшы табын жеңіске жеткізіп, оның өкметті жеңіп алу жолындағы күресіне ойдағыдай басшылық ете алады.

Ал, меньшевиктер пролетариат диктатурасы үшін күресуге қарсы болды, сондықтан оларға әлеуметтік революцияның жауынгерлік партиясы керек те емес еді. Меншевиктерге тек қана реформистік, ұйымдық жағынан қалыптаспаған, II Интернационалдың оппортунистік партиялары тұрпаттае келісімпаз ұйым керек болды. Программалық оппортунизм (пролетариат диктатурасын жоққа шығару) ұйымдық оппортунизмді (пролетариаттың бір орталыққа бағынатын, тәртіпті, жауынгер, революциялық партиясынан бас тарту) тудырды.

Партияда бірлікті сақтау мақсатымен —деп үйретті Ленин— пролетарлық темірдей тәртіп, партия тұрмысының Уставпен реттеліп отыратын, партияның барлық мүшелеріне —басшылар үшін де, қатардағылар үшін де бірдей міндетті берік нормалар орнату керек. Партия мүшесі деген атақ жоғары атақ екендігі туралы, партияның әрбір мүшесінің партия үшін жауапты екендігі және өзінің әрбір мүшесі үшін партияның жауапты екендігі туралы Лениннің Екінші съезде ұсынған ережесі орасан зор маңыз алады. Партияның міндеті, деді Ленин, «партиямыздың беріктігін, ұстамдылығын, тазалығын сақтау. Біз партия мүшесінің атағы мен маңызын жоғары көтерген үстіне жоғары көтеріміз керек...»

Ленин жасаған партия тұрмысының берік нормалары, басшылықтың принциптері партия Уставының талаптарын барынша қатаң сақтауды, демократиялық централизмнің принциптерін тыңғылықты жүргізіп отырды, партияның қатар-

лардың жаңа шығуының өзін-өзі шарты пролетариаттың басшылық ролін сақтай отырып, жұмысшы табы мен шаруалар одағын құру болып табылады деп көрсетті. Ленин орыс марксистеріне буржуазиялық-демократиялық революцияның социалистік революцияға ұласатындығының айқын перспективасын көрсетті. Ол марксистік пролетарлық революцияның жаңа теориясымен байытып, Коммунистік партияның революциялық тактикасын —пролетариаттың ең келдей шаруалармен одақтаса отырып, 1917 жылғы октябрьде елімізде буржуазияның өкметін құлатуына, сөйтіп, шын мәніндегі халықтық өкметті —жұмысшы және шаруалар депутаттары Советінің өкметін, Советтер өкметін орнатуына көмектескен тактиканы жасады.

РСДЖП-дағы екі бағыттың— революциялық, большевиктік және оппортунистік, меньшевиктік бағыттардың —партия құру дәуірінде идеологиялық және ұйымдық мәселелер жөніндегі күресі бірінші орыс революциясы жылдарында (1905—1907), тактика мәселелері бірінші кезекте қойылған кезде, ерекше күшейді. Большевиктер халықтық революцияны өрістетуге және оның жеңуін қамтамасыз ету еңбекшілерді патша өкметі мен помещиктердің езуінен құтқару, буржуазиялық-демократиялық революцияны социалистік революцияға ұластыру бағытын ұстады. Меншевиктер, оның керісінше, революцияда либералдық буржуазияның гегемониясын қорғап, революцияны тоқтату бағытын ұстады. Олар келісімпаздықтың батпағына батып, жұмысшы қозғалысындағы буржуазия агентурасына айналды.

8. Бірінші орыс революциясы жеңілгеннен кейін большевиктер қыйыншылықтардың күшеюінен қорыққан жоқ. Столыпиндік реакцияның қаратүнек жылдарында, патшалық жазалау мен қаражүзділік террордың асқынған жағдайында большевиктер партиясы өз қатарын нығайтып, бұқарамен байланысты нығайтудың жария және астыртын мүмкіншіліктерін шебер пайдаланды. Большевиктер жаңа революцияға әзірлену бағытын ұстағанда, меньшевиктер, оған қарсы, революциядан неғұрлым алыстай түсеті, пролетариаттың астыртын революциялық партиясын жоюға әрекет жасады, ашықтан-ашық жойымпаздыққа шықты. Большевиктердің кейбір бөлігі маркстік принциптерден қол үзіп, партияны бұқарамен оқшауланған сектанттық ұйымға айнала қалына итермеледі, атап айтқанда, Мемлекеттік думадан жұмысшы депутаттарын шақырып алуы талап етті. Партияның сол кезде «шайырпаздар» деп аталып кеткен бұл бөлігін Ленин «теріс айналдырылған жойымпаздар» деп әпкереледі.

Реакцияның ауыр жағдайларында тек большевиктер, лениншілдер ғана марксизмге адал болды, партияның программасында көрсетілген принциптерге адал болды, сөйтіп, Россияның пролетариатын қарусыздандыруға, оның партиясын талқандауға, революциялық марксизмнің теориялық негіздерін бұзып, оны бүлдіруге тырысқан дүшпіндердің барлық шабуылдарын тойтарып отырды. Лениннің аса ұлы еңбегі —ол партия үшін осы қиын кезде партияның теориялық негіздерін —коммунизмнің теориялық ірге тасы болып табылатын диалектикалық және тарихи материализмді қорғап қалды және дамытты. Маркстік-лениндік идеялық шыңдалу, революцияның перспективаларын дұрыс түсіну Лениннің төңірегінде топтасқан партияның негізгі ұйытқысының партияны қорғап қалуына және оның негізгі кадрларын сақтап қалуына көмектесті.

9. 1912 жылы Прагада VI Бүкілроссиялық партия конференциясы болды, ол РСДЖП-дан меньшевиктерді жойымпаздарды қуып шықты, сөйтіп, большевиктердің дербес партия болып біржолата қалыптасуына негіз жасады. Пролетарлық партияның оппортунистерден, меньшевиктерден жойымпаздардан тазартылуы партияның онан әрі дамуы үшін, оның қатары нығайып, пролетариат диктатурасын ойдағыдай жеңіп алуы үшін шешуші маңыз алды.

Лениннің және лениндік басшылық ұйытқы төңірегіне біріккен большевиктердің жаңа тұрпатты партия құру жолындағы қажымас күресі толық жеңіске жетті.

10. Басталған жаңа қуатты революциялық өрлеу (1912—1914 жылдар) жұмысшылардың жаңа революцияға әзірлені-

терек талдау жасап, империализмнің капитализм дамуындағы жоғары және сонымен бірге соңғы сатысы екенін, «империализм дегеніміз пролетариаттың әлеуметтік революциясының қарсаңы» екенін көрсетті.

Ленин ғылыми тұрғыдан мынаны дәлелдеді: XIX ғасырдың нақ ақырына дейін өзінің өрлеу дәуірінде болып келген капитализм империализм дәуірінде өліп бара жатқан, адамзатқа құлақ естіп көрмеген апатшылықтар мен қайғы-қасіретін әкелуші капитализмге айналды. Ленин кезіргі монополистік капитализмнің ем қонбас мерездерін олардың дүниежүзілік бірінші соғыс дәуірінде-ақ ерекше байқалып отырғандығын батылдықпен ашып көрсетті. Егер РСДЖП-ның Екінші съезі дәуірінде Ленин партияның программасында орыс капитализмін қатаң айыптаған болса, дүниежүзілік бірінші соғыс тұсында адамзатты жаңа қанды соғыстар мен экономикалық апатшылықтың тұңғылығына итермелеп отырған дүниежүзілік империализмді асқан ұлы ғылыми дәлділік және революциялық жігермен айыптады.

Ленин өзінің 1917 жылғы Октябрьдің қарсаңында жазылған «Төңіп тұрған апатшылық және онымен қалай күресу керек» деген атақты еңбегінде былай деп көрсетті:

«Соғыс қаншалық шама келмес кризис туғызды, халықтың материалдық және моральдік күштерін ешншалық сарық-ты, кезіргі барлық қоғамдық ұйымдарға соншалық соққылар берді, сондықтан адамзат екінің бірін таңдауға тиісті болып отыр: не құру, не өндірістің неғұрлым жоғары өдісіне неғұрлым тез және неғұрлым қолайлы түрде өту үшін өз тағдырын ең революциялық таптың қолына беру».

Лениннің тарихи еңбегі мынада: ол империализмге талдау жасауда капитализмнің экономикалық және саяси дамуының біркелкі еместігі туралы өзі ашқан заңға сүйене отырып, ұлы ғылыми жаңалық ашты: империализмнің дүниежүзілік майданының тізбегін оның неғұрлым нашар буынынан бұзып шығу мүмкіншілігі туралы данышпандық қорытындыны, социализмнің алғашқыда аз ғана немесе жеке бір капиталистік елде жеңіп шығу мүмкіншілігі туралы қорытындыны тұжырымдады және негіздеді. Мұның өзі социалистік революцияның жаңа, түпкілікті теориясы еді. Ол марксистік байытып, оны алға бастырды, жеке елдердің пролетариатына революциялық перспектива ашты, өзінің ұлттық буржуазиясына қысым жасау ісіндегі инициативасын ұлғайтты, олардың пролетарлық революцияның жеңісіне сенімін нығайтты.

Россияның коммунистер партиясы бастаған жұмысшылары дүние жүзінде алғашқы рет 1914—1918 жылдардағы дүниежүзілік соғыстың барысында дүниежүзілік капитализмнің нашарлауын ойдағыдай пайдаланып, патша өкметін құлатты, сөйтіп, алғашында буржуазиялық-демократиялық революцияның жеңуін қамтамасыз етті; екінші орыс революциясы жеңіп шықты. Келісімпаздық партиялардың —меншевиктер мен эсерлердің қарсылығын күйрете отырып, большевиктер буржуазиялық-демократиялық революциядан социалистік революцияға өту бағытын ұстады.

12. 1917 жылғы февральдан октябрьге дейінгі дәуірде біздің елімізде Коммунистік партия жұмысшы табында және революция үстінде құрылған жұмысшылар мен солдаттар депутаттарының Советтерінде көпшілікке ие болудың ең қиын міндетін, миллиондаған еңбекшілерді социалистік революция жағына шығару міндетін, жеңіске жету үшін, империалистер өкметін құлату үшін жұмысшы табының еңбекші шаруалармен одағын нығайту міндетін атқарды.

Атақты Апрель тезистерінде Ленин маркстік теорияны байытқан жаңа жаңалықтар ашты, —ол пролетариат диктатурасының ең жақсы саяси формасы, марксистер арасында бұрын саналып келгеніндей, парламентарлық демократиялық республика емес, Советтер республикасы болып табылады деген қорытындыға келді. Бұл данышпандық қорытынды 1917 жылғы октябрьде социалистік революцияның жеңісін қамтамасыз ету үшін, елімізде Совет өкметінің жеңуі үшін орасан зор маңыз алды.

# Совет Одағының Коммунистік партиясына елу жыл (1903-1953)

(Соңы. Басы 1-бетте).

Буржуазияның үстемдігін құлату және елімізде пролетариат диктатурасын орнату жолындағы күрестің барысында коммунистер партиясы еңбекшілерге бір өзі басшылық етіп, жекеуін тізе бүккіштердің — троцкисттердің, зиновьевшілердің және басқа революция штррейккерлерінің — партияны лениндік жолдан бұруға тырысқан әрекеттерінің бәрі талқандап отырды. Россиядағы капитализмнің тағдырын шешкен жағдай мынау болды: партия бейбітшілік жолындағы жалпы демократиялық күресті, помещиктік жер иемденуді жойып, помещиктердің жерлерін шаруаларға беру жолындағы шаруашылық- демократиялық қозғалысты, еліміздегі халықтардың ұлттық- азаттық қозғалысын және пролетариаттың буржуазияны құлатып, пролетариат диктатурасын орнату жолындағы социалистік қозғалысын біртұтас қуатты революциялық ағымға қосты. Белісімпаздық, ұсақ буржуазиялық партияларды алатын болсақ, олардың бәрі (меньшевиктер, эсерлер, анархистер) революцияның барысында өздерінің капиталистік құрылымы сақтауды және нығайтуды көздейтін халыққа қарсы партиялар екенін өшкереледі.

## III. Коммунистік партия социализм орнату үшін күресте.

13. Ұлы Октябрь социалистік революциясы адамзаттың тарихында жаңа дәуірді — капитализмнің күйреу және социализм мен коммунизмнің салтанат құруы дәуірін бастады. Россиядағы советтік революцияның жеңісі адамзаттың тағдырында, бүкіл дүниежүзілік тарихта түбірлі бетбұрыстың — ескі, капиталистік дүниеден жаңа, социалистік дүниеге бетбұрыстың басталғандығы болды.

Октябрь революциясы капитализмге өлтіре жара салып, империализмнің негіздерін шайқалтты және әлсіретті, халықаралық пролетариаттың капиталға қарсы күресін жеңілдетті. Біздің Коммунистік партия ұлттық күшпен халықаралық, интернационалдық күшке, дүниежүзілік революциялық және жұмысшы қозғалысының «Екінші бригадасына» айналды.

Пролетариат диктатурасы орнатылғаннан кейін басшы партия — Коммунистік партия алдына жұмысшылар мен шаруалардың дүние жүзіндегі тұңғыш социалистік мемлекетін орнатты, оны қорғау міндеттері қойылды.

Коммунистік партияның көсемі, Совет үкметінің басшысы В. И. Ленин экономика жағынан артта қалған Россияны алдыңғы қатарлы қуатты социалистік мемлекетке айналдырудың ғылыми дәлелденген программасын жасады. Бұл программа елімізді социалистік индустриаландыруды, ауыр өнеркәсіпті мейлінше өркендетуді, бүкіл халық шаруашылығын электрлендіруді, еліміздің ауыл шаруашылығын социалистік негізде қайта құрудың кооперативтік жоспарын орындауды, мәдениет революциясын жүзеге асыруды көздеді.

Орасан зор қиыншылықтарды — шаруашылықтың күйзелуін және аштықты жеңе отырып, шетелдік интервенттердің құтырылған шабуылдарын (Советтік Россияға қарсы «14 мемлекеттің жорығы» дейтінді) және ішкі контрреволюцияның бүліктерін тойтара отырып, Коммунистік партия еліміздің халықтарын интервенттер мен ақгвардияшыларды талқандаған голдық жеңіске жеткізді.

Интервенция және азамат соғысы жылдарында өздерінің жас Советтік республикасын қорғай отырып, жұмысшылар мен шаруалар көрсеткен асқан қаһармандықты тарих ешүақында ұмытпайды. Аштық пен күйзеліс те, отынның, киімнің жоқтығы да, сүзек ауыруы және басқа апаттар да Россияны бөлшектен, оны империалистік мемлекеттердің отарына айналдыруға әрекет еткен империалистік мемлекеттерді жеңіске жеткізді.

Ұлы Октябрь социалистік революциясының жеңісі пролетариат революцияның лениндік теориясының салтанаты болды. Капиталистер мен помещиктер өкметін құлатып, Россияда империалистер өкметін құлатып, пролетариат диктатурасын орнатып, партиямыз РСДЖП II съезі қабылдаған программаны жүзеге асырды.

Женімпаз социалистік революцияны жүзеге асыра отырып, Коммунистік партия елімізді ұлттық апаттан аман алып қалды, оны жартылай отарлық, дүниежүзілік капитализмге тәуелділік жағдайдан құтқарды, сөйтіп, совет халқын адамзат тарихында бұрын болмаған социалистік өзгерістің даңғыл жолына шығарды.

Ұлы Октябрь социалистік революциясы сыяқты революцияның жеңісін ұйымдастыру үшін алдыңғы қатарлы революциялық теориямен қаруланған, аса зор ерлік пен батырлығы бар партия, халық пен Отанның мүдделері үшін қандай құрбандыққа болса да дайын тұратын партия, қалың еңбекші бұқарамен терең байланыс жасап отыратын партия керек болды. Ұлы Ленин ұйымдастырып, шынықтырған қуатты коммунистер партиясы нақ осындай партия болды.

құрылымы — социализм орнатты. Социализмнің жеңуі жұмысшылықты жойып, халықтың материалдық тұрмыс жайын түбірінен жақсартты, еңбекшілердің ауқатты және мәдениетті тұрмыста өмір сүруіне керекті жағдайды туғызды. Елімізде шын мәнісіндегі мәдениет революциясы жасалды. Лениндік-сталиндік ұлт саясатын басшылыққа ала отырып, Коммунистік партия Россия халықтарын неше ғасырлық әлеуметтік және ұлттық езуден азат етті, бұрын езілген халықтардың экономикалық және мәдени мешеулігін жойды, Отанымыздың барлық ұлттарын туысқан бір семьяға топтастырды, қуатты көп ұлтты социалистік мемлекет — Советтік Социалистік Республикалар Одағын орнатты. Социализмнің жеңісі негізінде ССРО халықтарының моральдік- саяси бірлігі, достығы, советтік патриотизм сыяқты советтік қоғамның қуатты қозғалыс күштері кең өрістеп, нығайды.

Совет халқының бүкіл дүниежүзілік- тарихи жеңістері ССРО Конституциясында — жеңген социализм және кең өрісті социалистік демократия Конституциясында баянды етілді. Коммунистік партияның XVIII съезі (1939ж.) советтік қоғамның социалистік қоғам құрылысын аяқтап, социализмнен коммунизмге бірте- бірте өту жолымен онан әрі алға басу программасын белгіледі. ССРО-да социализмнің орнатылуы — Лениннің өсиеттерін орындаудың нәтижесі, Коммунистік партияның ұйымдастырушы және бағыттаушы ұлы қызметінің, оның даналық басшылығының нәтижесі, партияның саясатын бірауыздан қолдап отырған жұмысшылардың, шаруалардың, интеллигенцияның қаһармандық еңбегінің нәтижесі.

Біздің партиямыз өзінің ленинизмге шын берілгендігі арқасында жеңіп келді және жеңуде. Партия біздің кадрларымызға, барлық коммунистерге революциялық теорияны қажырлылықпен меңгеруді, Ленин белгілеген партия тұрмысы нормаларын, партиялық басшылықтың большевиктік принциптерін дәйектілікпен жүзеге асырып отыруды үйретіп келеді. 1941 жылғы 22 апрельдегі сөзінде И. В. Сталин Лениннің ұлылығы туралы және лениндік өсиеттердің маңызы туралы айта келіп былай деді:

«Большевиктерге лайықты жұмыс істеуді, қорқа дегенді білмей және қандай да болса қиыншылықтар алдында бөгелмей жұмыс істеуді бізге Ленин үйретті».

16. Совет Одағының Ұлы Отан соғысы біздің қоғамдық

күші — оның партия төңірегіне топтасқандығында.

Партиямыздың бүкіл тарихы — марксизм-ленинизмнің жүзеге асырылуы. Маркстік- лениндік теорияны, объективтік экономикалық заңдарды білуді басшылыққа ала отырып, Коммунистік партия қоғамның материалдық тұрмысының дамуының қажеттерін, халықтың түбірлі мүдделерін көрсететін, ғылым мен практикада сыннан өткен саясатты белгіледі, бұқараның революциялық жігерінің, революциялық творчествосының дем берушісі және ұйымдастырушысы болып майданға шықты. ССРО-дағы социалистік құрылыстың орасан мол тәжірибесін және кезіргі замандағы халықаралық азаттық қозғалыстың тәжірибесін қорыта келіп, И. В. Сталин маркстік- лениндік ілімді жаңа тарихи жағдайларға бейімдеп, творчестволықпен дамытты және бірқатар мәселелерде революциялық теорияны жаңа қағидалармен байытты.

19. Кезіргі уақытта Коммунистік партия коммунистік құрылыстың, көп ұлтты социалистік мемлекетті онан әрі нығайтудың, барлық совет адамдарының материалдық және мәдени дәрежесін үздіксіз арттыра берудің аса маңызды міндеттерін жүзеге асыруда.

Біздің толық коммунистік қоғам орнатуға не керектің бәрі бар. Біздің еліміздің табиғат байлықтары ұшан-теңіз. Біздің қуатты социалистік индустриямыз, социалистік экономиканың негіздерінің негізі — барлық жағынан өркендеген ауыр өнеркәсіміміз бар. ССРО-ның жеңіл және тамақ өнеркәсібі қала мен деревня еңбекшілерінің өсіп отырған қажеттерін қанағаттандыра алады. Кезіргі заманның озат техникасымен қамтамасыз етілген совхоздарымыз бен колхоздарымыздың барлық ауылшаруашылық дақылдары шығымдылығын және қоғамдық мал шаруашылығының өнімділігін шашпаң қарқынмен арттыруға мүмкіншілігі бар.

Алайда, бізде кейбір шұғыл шаруашылық мәселелер әлі де шешілген жоқ, артта қалып отырған кәсіпорындар, тіпті жеке өнеркәсіп салалары бар. Кейбір колхоздар мен тұтас ауылшаруашылық аудандарда жұмыстың жағдайы нашар күйде. Партия, совет, кәсіподақ және комсомол ұйымдары совет халқының творчестволық күштерін халық шаруашылығын онан әрі өркендету, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығындағы резервтер мен мүмкіншіліктерді партияның XIX съезі алға қойған міндеттерді ойдағыдай орындауға пайдалану күресіне жұмылдырып, ұйымдастыруға тиіс.

20. Коммунистік партия еңбекшілердің өсіп отырған материалдық және мәдени керектерін қанағаттандыруға үнемі қажырлық жасап келеді. Совет адамының игілігіне, бүкіл совет халқының түлденуіне қажырлық жасау партиямыз үшін заң болып табылады.

Социалистік экономиканы өркендетудегі табыстарымыз арқасында совет халқының материалдық және мәдени дәрежесі мықтан артты. Мұның өзі ұлттық табыстың үздіксіз өсуінен, көпшілік тұтынатын товарлар бағасының үнемі кемітілуінен, жұмысшылар мен қызметшілердің нақты жалақысының және шаруалардың табысының көбеюінен көрініп отыр. Совет мемлекеті тұрғын үйлер салуға, денсаулық сақтау, халық ағарту ісіне жұмсалатын қаржыны жылдан-жылға көбейтуде. Алайда, мұның бәрінен осы қолда бар табыстарға қанағаттануға болады деген мағына тумайды. Сондықтан партия тұрғын үйлер, мектептер, ауруханалар құрылысын онан әрі өрістетуге, бұл істердің бәрінің ұйымдастырылуын жақсартуға барған сайын еселеп күш жұмсауда.

Партияның ғылымды, әдебиетті, искусствоны көркейтуге үнемі қажырлық жасауы түрі ұлттық, мазмұны социалистік советтік мәдениеттің өркендеуін қамтамасыз етті. Коммунистік

табылады. Советтік қоғамдағы басшылық рөлге тек біздің партиямыз ғана ие. Коммунистік партияның басшылығы — советтік құрылыстың беріктігінің және мызғымайтындығының, халқымыздың барлық табыстарға жетуінің шешуші шарты. Мұнымен бірге, партиямыздың монополиялық жайы, әсіресе, капиталистік қоршау жағдайында, тап жауының дұшпандық әрекеттері жөнінде күшті революциялық қырағы болуды міндеттейтінін естен шығармау керек.

Лениннің талай рет ескерткеніндей, басқарушы партияға әртүрлі мансапқорлар қара ниетпен еніп кетеді, сол сыяқты, халық жаулары, буржуазиялық азғындар, халықаралық империализмнің агенттері, коммунист атағын айлагерлікпен бетке ұстап, дұшпандық әрекет жүргізу үшін партия қатарына өтуге тырысқанын және тырысатынын ұмытпау керек. Сондықтан коммунистердің және барлық еңбекшілердің революциялық қырағылығын онан сайын күшейту партия ұйымдарының саяси-тәрбие жұмысындағы негізгі міндет болып табылады.

23. Совет Одағының Коммунистік партиясының бүкіл жарты ғасырлық тарихы Ленин белгілеген партиялық басшылық принциптерінің және партия тұрмысы нормаларының аса зор маңыздылығын көрсетті. Партия бұл партия құрылымы заңдары маңызды жағдайға жетуге асырып отыруды, партия басшылығының ең жоғарғы привиди — коллективтік басшылықты, партия Уставының талаптарын бұлжытпай орындап отыруды үйретіп келеді. Жеке адамның тарихтағы ролі туралы мәселені маркстік ғылымға қарсы теріс баяндауды — марксизм-ленинизм рухына жат, жеке адам қасиеттеріне табынатын идеалистік теорияны насихаттауды партияның насихат жұмысы практикасынан біржола жою қажет. Жеке адамның қасиетіне табынушылық коллективтік басшылық принципіне қайшы келеді, партияның, оның басшы орталығының ролін кемітуге, партия бұқарасының және совет халқының творчестволық белсенділігін төмендетуге бастайды, басшы органдардың және басшы қайраткерлердің бағыт беруші қызметінің жоғары маңызын маркстік-лениндік тұрғыдан түсінуге оның ешқандай қатысы жоқ. Партия маркстік-лениндік теорияның ғылыми негізіне және басшы кадрлардың кең инициативасына сүйенетін Орталық Комитеттің коллективтік тәжірибесі, коллективтік даналылығы ғана партия мен елге басшылықтың дұрыс болуын, партия қатарының мызғымас бірлігін және топтасуын, елімізде коммунизмнің ойдағыдай орнатылуын қамтамасыз етеді деп танып, осыны негізге алады.

Өзара сын, әсіресе, төменнен көтерілген сын кемшіліктер мен кеселдерге қарсы күресте партия ішіндегі демократияны күшейтудің және коллективтік басшылықты жақсартудың қуатты құралы болып саналады. Сын мен өзара сынды батыл өрістетіп отырып, партия коммунистердің және барлық еңбекшілердің творчестволық белсенділігін күшейтеді, олардың күштерін кемшіліктер мен қиыншылықтарды жеңуге бағыттайды, коммунистік құрылыстың барлық саласында жалпы өрлеу туғызады.

24. Коммунистерге маркстік- лениндік тәрбие беру партияның ерекше қажырлық жасайтын ісі. Партия мүшелері мен мүшелікке кандидаттардың идеялық дәрежесінің үздіксіз өсуі — тұрмысымыздың барлық салаларында олардың авангардтық ролі артуының, партия бұқарасының белсенділігі күшеюінің шешуші шарты.

Партиямыздың насихат жұмысында маркстік- лениндік теорияны үйренудегі дүшпелік, догмашылдық әдісті жою кезіргі қай уақыттардан болса да қажет. Маркстік- лениндік теория догма емес, іске басшылық етудің негізі екенін еске ала отырып, партия коммунистерден марксизм- ленинизмнің творчестволық сипатын ұғынуды, жеке тұжырымдаулар мен цитат

ұйымдастырған құлақтардың бүліктері де, — қанаушы таштарды жеңуге, жаңа, социалистік тұрмыс орнатуға ұмтылған еліміздің еңбекшілерінің қайтпас еркін мұның ешқайсысы мұқата алмады.

Жас Советтік Республика үшін ең қиын кезеңде, 1919 жылы апрельде, Ленин асқан зор сеніммен және көрегендікпен былай деді:

«Жұмысшылары мен шаруаларының көпшілігі өздерінің Советтік өкметін — еңбекшілер өкметін қорғайтынын, жеңген күнде өздерінің және олардың балаларының мәдениеттің барлық игіліктерімен, адам еңбегінің барлық жемістерімен пайдалану мүмкіншілігін қамтамасыз ететін істі қорғайтынын білген, сезген және көрген халықты ешкім ешуақытта жеңе алмайды».

Лениннің бұл айтқаны терең дұрыс болғанын тарих көрсетті.

Сыртқы және ішкі контрреволюцияға қарсы ұрыстарда пролетариат диктатурасын қорғап қалып, шетелдік интервенттер мен ақгвардияшыларды талқандап, партия жаңа экономикалық саясат негізінде орасан зор құрылыс жұмысын кеңінен жүргізді, халықтың сарқылмайтын творчестволық күштерін социализм орнатудың лениндік жоспарын жүзеге асыруға бағыттады. Коммунистік партияның басшылығымен еліміздің еңбекшілері алғаш рет социализм орнатудың соны жолдарымен алға басып, бүкіл адамзатқа өрікті және бақытты өмірдің жолын ашты.

14. Партия мен жұмысшы табының халық шаруашылығын қалпына келтіру жөніндегі қаһармандық жұмысы аяқталуға жақындаған кезде еліміздің өркендеуінің келешегі туралы мәселе мейлінше күшпен алға қойылды.

Партияның Екінші съезі дәуірінде большевиктер жұмысшы қозғалысындағы революциялық бағыттың жеңуі үшін меньшевиктерге қарсы күрескен болса, енді жеңген пролетариат диктатурасы жағдайында ССРО-дағы социализмнің тағдыры туралы мәселе алға қойылды. Партия мен халықтың жаулары — меньшевиктік сілкімдіктер болған — троцкийшілер, бухариншілер, буржуазияшыл ұлтшылдар тізе бүгушілік позицияда болды. Олар партия мен елімізді лениндік жолдан шығарып, пролетарлық революцияның табыстарын жою жолына, капитализмді қайта орнату жолына түсіруге тырысты. В. И. Лениннің ісін алға алып барушы көмеңгер И. В. Сталин бастаған Орталық Комитеттің басшылығымен Коммунистік партия оңтүстіктер мен тізе бүгушілерді талқандап, ленинизмді қорғап қалды, елімізде социализм орнатуға батыл бағыт алды. Бұл бағытында Коммунистік партия қоғамның экономикалық дамуының объективтік заңдарына сүйенді, қоғамның материалдық тіршілігін дамытудың мезгілі жеткен қажеттерін орындауды, халықтың мүдделерін негізге алды. Партия елімізде толық социалистік қоғам орнатуға керектінің бәрі бар және жеткілікті болып отырғандығы туралы лениндік қариданы негізге алды.

15. Соғысқа дейінгі бесжылдықтар тұсында совет халқы партия жасап берген елімізді социалистік индустрияландыру және ауыл шаруашылығын коллективтендіру жоспарын ойдағыдай жүзеге асырды. Бұл жоспарды жүзеге асыру нәтижесінде Отанымыз үздік секіріп, алға басып, артта қалған аграрлық елден қуатты индустриялы-колхозды социалистік мемлекетке айналды.

Елімізде қанаушы таштар түпкілікті жойылды, адамның адамды қанзуы біржолата құтылды. Коммунистік партия бастаған совет халқы тарихта алғашқы рет жаңа қоғамдық

#### IV. Коммунистік партия — коммунизм орнатып жатқан советтік қоғамның ұйымдастырушы және дем беруші күші.

18. Коммунистік партия халық бұқарасының көсемі және ұйымдастырушысы ролін ойдағыдай атқаруда, өйткені, ол көзқарастар бірлігімен, іс және төртін бірлігімен топтасқан бір пікірлес-коммунистердің жауынгерлік одағы. Коммунистік партияның бүкіл қызметі халыққа, еңбекшілердің революциялық жігеріне күшті сенімді арқау етеді. Біздің партиямыз мынаны негізге

және мемлекеттік құрылысымыздың күштерін, өмірге сенімділігін тексеруден өткізген елеулі сын болды. Соғыс күндерінде партия фашистік басқыншыларға қарсы бүкілхалықтық күрестің дем берушісі және ұйымдастырушысы болды. Өзінің ұйымдастырушылық жұмысымен партия совет адамдарының барлық күш-қуатын ортақ мақсатқа бағыттады, еліміздің барлық күш-құралдарын жауды талқандау ісіне бағындырды. Партия жұмысшы табын, шаруаларды, интеллигенцияны кездескен қы-йыншылықтарды жанқиярлықпен жеңуге жұмылдырды, қуатты еңбек өрлеуін ұйымдастырды, халық шаруашылығын майданның қызметіне қосты, елімізді біртұтас жауынгерлік лагерге айналдырды. Соғыс жылдарында Коммунистік партия халықпен онан сайын туыстасып біте қайнасты, еңбекшілердің қалың бұқарасымен онан сайын тығыз байланыса түсті. Соғыстың аса ауыр сындары кезінде, орасан зор қиыншылықтарды және жеңіс жолындағы кедергілерді жеңіп, партия өзінің қатарында ешқандай солқылдақтық және алауыздығы жоқ, біртұтас, жауынгерлік ұйым екенін тағы да көрсетті.

Даңқты Коммунистік партия бастаған совет халқы, айбынды Совет Армиясы фашистік агрессорларды талқандап, өз Отанының бостандығы мен тәуелсіздігін қорғап қалды, Европа мен Азия халықтарын фашистік құлдыққа түсірілу қаупінен құтқарды. Дүниежүзілік екінші соғыста социализмнің фашизмді жеңуі нәтижесінде социализм мен демократияның күштері өсіп, нығайып, империализм мен реакцияның позицияларын нашарлады. Европа мен Азияның бірқатар елдері капитализм жүйесінен шығып қалды, бұл елдерде халықтық-демократиялық төртін орынды. Қытайда халықтық революция салтанат құрып, Қытай Халық Республикасының орнауы социализм мен демократия күшінің аса зор жеңісі болды. Совет Одағының позициялары үздік күшейіп, нығайды, Совет Одағының беделі және оның бүкіл халықаралық дамуға ықпалы әлде қайда өсті.

17. Соғыстан кейінгі жылдарда совет халқының соғыс түсірген ауыр жарақаттарды жазып, оның зардаптарын жоюға орасан көп күш жұмсауы керек болды. Коммунистік партия дем беріп, ұйымдастырып отырған еліміздің еңбекшілері халық шаруашылығын бұрын болып көрмеген қысқа мерзімде қалпына келтіріп, советтік экономиканың, техниканың және мәдениеттің барлық салаларын алға бастырды.

Совет Одағының Коммунистік партиясының XIX съезі совет халқының күресі мен жеңістерінің салтанатты қорытындыларын шығарып, еліміздің онан әрі алға басыуының программасын белгіледі. Съезд партияның мызғымас беріктігінің және топтасқандығының, партия мен халықтың мейлінше тығыз бірлігінің, партияның еліміздің халықтарын коммунизмнің жеңісіне қарай алға бастауға берік бел байлағандығының тамаша жаңа сыпаттамасы болды.

СОКП XIX съезінің тарихи қарарларын жүзеге асыра отырып, партия халық шаруашылығы мен мәдениеттің барлық салаларының онан сайын өрлей түсуін қамтамасыз етті. ССРО-да социалистік экономиканың орасан зор табыстарына және мәдениеттің гүлденуіне біз жұмысшы табы мен колхозшы шаруалардың берік одағы арқасында, еліміздің халықтарының барған сайын нығайған достығы, совет халқының моральдік-саяси бірлігінің үздіксіз нығаюы арқасында жеттік. Мұның бәрі Коммунистік партия белгілеген саясатты, бұқараның творчестволық белсенділігіне сүйенетін, бүкіл совет қоғамы қолдайтын саясатты дәйектілікпен жүзеге асырудың нәтижесі.

Мызғымас қуат және творчестволық күштерге сүйенген Совет Одағы коммунистік қоғам орнату жолымен ойдағыдай алға басуда.

алады: тұрмыстың барлық игіліктерін жасаушы жұмысшылар мен шаруалар, — тарихтың шын мәніндегі жасаушылары, «кімде-кім халыққа сенетін болса, кімде-кім халықтың жаңды творчествосының бұлағына шомылатын болса, тек сол жеңіп шығады және өкметті сақтап қалады» (Ленин). Партияның күші — оның халықпен тығыз байланысында. Халықтың

мәдениет дәрежесін келешекте де үздіксіз арттыра беруді өзінің ең бірінші міндеті деп есептейді.

21. Сыртқы саясат саласында партияның ең басты қамқорлық жасайтын ісі — совет халқының бейбіт еңбегін қамтамасыз ету, бейбітшілікті сақтау және жаңа соғысқа жол бермеу болып табылады. Коммунистік партия бейбітшілік саясаты совет халқының және басқа да барлық бейбітшіл халықтардың өмірлік мүдделеріне сай келетін бірден-бір дұрыс саясат болып табылады деп таныды.

Өзінің бүкіл сыртқы саясатында біздің партия екі системаның — социалистік және капиталистік системалардың ұзақ уақыт бойына қатарласып өмір сүру және бейбітшілікпен жарысқа түсу мүмкіншілігі туралы лениндік нұсқауды негізге алады. Интервенттердің негізгі күштері талқанданғаннан кейін Ленин былай деп көрсетті: «...Біз өзімізге кәзіргі уақытта біздермен сауда қатынасын жасауға мәжбүр болып отырған капиталистік мемлекеттермен қатар өмір сүруге мүмкіндік беретін жағдайларды жеңіспен жасап алдық... Біз тыныс алып қана қоймай, — оның үстіне біз капиталистік мемлекеттер жүйесінде негізгі халықаралық өмір сүруіміз жеңіспен орнатылған жаңа дәуірге кірдік».

Ленин сол кездің өзінде-ақ бірқатар буржуазиялық елдердің Советтік Россиямен сауда істеуге экономика жағынан мүдделі екенін айтты: «Буржуазиялық елдер Россиямен сауда істеуге дйлер: экономикалық қарым-қатынастың белгілі бір формалары болмаса, өздерінің бұған дейінгідей, келешекте де күйзеле беретіні олар біледі; олардың өте тамаша деп жүрген барлық жеңістеріне қарамастан, бүкіл дүние жүзінің газеттері мен телеграммаларын толтырып отыратын ұшы-қыйырсыз мақтаншақтығына қарамастан, олардың экономикасы дегенмен ыдырауда...»

Совет Одағының Коммунистік партиясы Лениннің осы қағидаларын мүлтіксіз басшылыққа алып келді және басшылыққа алуда.

Біз екі системаның ұзақ уақыт бойына қатарласып өмір сүруін және бейбітшілікпен жарысқа түсуін жақтаймыз. Әйткені, біз шаруашылықтың социалистік системасының, социалистік құрылыстың артықшылықтарына қатты сенеміз. Өзіміздің ішкі күштерімізге, бүкіл бейбітшілік, демократия және социализм лагерінің үздіксіз өсіп отырған күштеріне қатты сенеміз.

Мұнымен бірге, қайшылықтары жегідей жеп отырған империализм лагерінің экономикасында, сол сыяқты билеу-төстеуші топтардың саясатында тұрақсыздықтың өсіп отырғанын, мұның өзі бейбітшіліктен қорқу, екі системаның бейбітшілікпен жарысқа түсуінен қорқу дәрежесіне, капиталистік системаның келешекте тұрақты болуына сенімді жоғалту дәрежесіне жетіп отырғанын ескермеуге болмайды. Социалистік және демократиялық лагердің экономикасының тез және үнемі өсуін, мұнымен бірге капиталистік лагердегі қайшылықтардың шиеленісі, экономикалық қызыншылықтардың ұлғаюын мойындайтын Европа мен Американың көрнекті экономистерінің кейбір пікірлері де осыны дәлелдейді. Бұл жағдайлар реакцияшыл империалистік күштердің әрекетінің мықтап күшеюіне, империалистердің социалистік және демократиялық лагерге қарсы әртүрлі арандату әрекеттерінің, авантюраларының және бүлдіру әрекеттерінің күшеюіне керек болып отыр. Мұның бәрі біздің Советтік Отанымызды ойдағыдай қорғауды қамтамасыз ету ісіне мейлінше қамқорлық жасап отыруды онан сайын керек етеді.

Мұнымен бірге, партия бейбітшілік, демократия және социализмнің қуатты лагерін онан сайын нығайтуды, совет халқының ұлы қытай халқымен, барлық халықтық демократия елдерінің еңбекшілерімен достығын және ынтымағын онан сайын күшейтуді өзінің қасиетті міндеті деп есептейді.

22. Біздің партиямыз еліміздегі бірден-бір партия болып

**СОКП Орталық Комитеті жанындағы**

**СОКП Орталық Комитеті жанындағы**

таарды есеп, маркстің — Энгельстің — Лениннің — Сталиннің дүниені өзгертуді, жеңімпаз, революциялық ілімінің шын мәнісін түсінуді талап етеді. Совет Одағының Коммунистік партиясының бүкіл тарихы бізге нақ осыны үйретеді.

Бұл қағидаларды ұмыту, маркстік-лениндік теорияға немқұрайды қарау фактісі іскерсіздендікке, жұмыстағы переспективадан айырылуға сөзсіз өкпе соқтырады. Күнбе-күнгі нақтылы істерді партияның негізгі саяси міндеттерімен, оның коммунизм орнату жолындағы күресімен байланыстыра білмеу мұндай іскерсіздену-уақшыларды практикалық жұмысында сәтсіздікке ұшырауына соқтырмай қоймайды.

25. Социализмнен коммунизмге бірте-бірте өту жағдайында еңбекшілерге коммунистік тәрбие берудің орасан зор маңызы бар. Біздің қоғамымызда капитализмнің адам санасындағы қалдықтары әлі де жойылып болмағандығын ұмытпау керек. Сол сыяқты, капиталистік қоршау тарапынан, буржуазиялық қалдықтармен, оның ішінде ұлтшылдық қалдықтармен шырмалған адамдар тарапынан біздің арамызға жат көзқарастардың, жат идеялар мен пиғылдардың өтуі мүмкін. Коммунистік партия бұқара арасындағы бүкіл саяси-тәрбие жұмысын, коммунистерді және бүкіл халықты коммунизмнің ұлы ісінің жеңілмейтіндігіне сену рухында, партияға және социалистік Отанға жан-тәнімен берілгендік рухында тәрбиелеу жұмысын едәуір жақсартуды өзінің міндеті етіп алға қояды.

Еңбекшілерді советтік патриотизм және ССРО халықтарының мызғымас достығы рухында, пролетарлық интернационализм және барлық елдердің еңбекшілерімен туысқандық байланыс жасау рухында тәрбиелеуді партия өзінің қасиетті міндеті деп есептейді. Буржуазияшыл ұлтшылдық көріністеріне қарсы, азғындаған буржуазиялық идеологияға қарсы батыл күрес жүргізу керек.

26. Ішкі саясат саласында партия совет адамдарының үнемі өсіп отырған керектерін толық қанағаттандыруға келешекте де үздіксіз қамқорлық жасап отыруды өзінің ең маңызды міндеттерінің бірі деп есептейді. Халық шаруашылығының өсуі негізінде социалистік қоғам еңбекшілерінің тұрмыс дәрежесі үнемі арта береді, ал, олардың материалдық және мәдени керектері барған сайын молынан және әртарапты қанағаттандырыла береді.

Сыртқы саясат саласында партия бейбітшілікті сақтау және нығайту саясатын, барлық елдермен ынтымақ жасау және олармен өзара мүдделерді орындау принциптері бойынша іскерлік байланысты күшейту саясатын келешекте де дәйектілікпен жүргізеді. Тек халықтар арасындағы ұзаққа созылатын баянды бейбітшілік ғана социалистік экономиканы онан әрі үздіксіз өркендетіп, еліміздің еңбекшілерінің бақытты және ауқатты тұрмысын қамтамасыз етуге керекті жағдай туғызады.

27. Ұлы Ленин берік негізін қалаған біздің Советтік мемлекетіміз коммунистік қоғам орнату күресіндегі қуатты қару болып табылады. Коммунистік партия көп ұлтты Советтік мемлекетті онан әрі нығайтуды, жұмысшы табы мен шаруалардың одағын, халықтардың достығын нығайтуды, Отанымызды оның жауларының агрессиялық әрекеттерінен белсенді қорғауды мейлінше күшейтуді өзінің міндеті етіп алға қояды. Советтік мемлекетті нығайту — еліміздің еңбекшілерінің патриоттық борышы және сонымен бірге қасиетті интернационалдық міндеті.

\* \* \*

Халықпен тығыз бірлік жасай отырып, партиямыз жаңа жеңістерге қарай сеніммен алға басуда. Совет Одағының Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің жақын арада болып өткен июль Пленумы біздің Коммунистік партияның мызғымас бірлігін, ішкі және сыртқы саясат саласында өзінің алдында тұрған міндеттерді орындауға жауынгерлік әзірлігін жаңа күшпен көрсетті.

Ленинизмнің туы астында, Коммунистік партияның басшылығымен — коммунизмнің салтанатына қарай алға баса берейік!

**Комитетінің насихат және үгіт бөлімі**

**Маркс-Энгельс-Ленин-Сталин институты**

Редактор **Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.**